

МРНТИ 15.01.11

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7847.11>

А.С. Оспанова ¹

¹ Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

АУТИЗМ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИЯЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Бұл ғылыми мақалада аутизм балалардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын зерттеу кезіндегі жұмыс барысы мен нәтижелері қарастырылған. Аутизм балалардың әлеуметтік-эмоциялық жағдайларын анықтау үшін әр түрлі тәсілдерді қолдану арқылы қоғамдағы аутизм дертіне шалдыққан балаларды түзете дамыту жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға болатынын мақала жазу барысында көз жеткіздік. Бұл зерттеу жұмысы бала бойындағы әлеуметтік эмоциялық дағдыларының сондай-ақ өзінің эмоциясын, сезімін әлеуметтік мінез-құлқын жеткізе алуы қабілетінің қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Бақылау нәтижесінде аутизм балалардың төмен деңгейдегілерінің барлығы өздерінің сезімдерін жеткізе алады. Балалар әр түрлі жағдайларда өзінің эмоциясы мен сезімін адекватты көрсете алады. (ләззат алу, ләззат алмау, қаһарлану, қуану, қайғыру, шаршау, қорқу т.б) Дегенмен көпшілік жағдайларда олар бұл сезімдерін тіл арқылы «мен қорықтым», «мен ренжідім», «маған көңілсіз», «мен қуаныштымын», «маған ұнайды», «менің көңілім толмады», «мен шаршадым», «маған қорқынышты», «мен білмедім» дегендей айта алмайды. Аутист балалардың жақсы дегендері өзіне қатысты өзінің жағдайын «көңілді», «шаршадым», «білмейсің» дегендей өздерін вербальды сипаттай алады, бірақ бұл көріністер жүйелі деп айтуға болмайды, жауаптары оқыстан, өздігінен бірден пайда болатын сипатқа ие.

Түйінді сөздер: аутизм, вербальді және вербальді емес қарым қатынас, альтернативті қарым-қатынас, әлеуметтік эмоция, диалогтік дағды, мутация.

A.S. Ospanova¹

Kazakh national women's pedagogical University
Almaty, Kazakhstan

RESEARCH ON SOCIAL AND EMOTIONAL SKILLS CHILD WITH AUTISM

Abstract

his scientific article examines the progress and results of children with autism in the study of social and emotional skills. In the course of writing this article, we were convinced that Autism can effectively organize work on the correctional development of children with autism in society, using different approaches to identifying the social and emotional States of children. This research work allowed us to determine the level of formation of social emotional skills in the child, as well as the ability to convey their emotions, feelings for social behavior. As a result of observing all children at a low level with autism, unable to communicate their feelings. Children can adequately Express their emotions and feelings in various situations. (enjoy, enjoy, chase, rejoice, worry, tire, fear, etc.) However, in most cases they can not say these feelings through language as "I was afraid", "I am offended", "I am not sad", "I am happy", "I like", "I am not happy", "I am tired", "I am afraid", "I did not know".

The best of autistic children can describe their condition verbally as "fun", "tired", "don't know", but these manifestations can not be systematic, the responses are of a nature that manifests itself from reading and by itself.

Key words: autism, verbal and nonverbal relationships, alternative relationships, social emotions, Dialogic skills, mutation

Оспанова А.С.¹

Казахский национальный женский педагогический университет
Алматы, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ СОЦИАЛЬНО-ЭМОЦИОНАЛЬНЫХ НАВЫКОВ ДЕТЕЙ С АУТИЗМОМ

Аннотация

В данной научной статье рассматриваются ход и результаты работы детей с аутизмом при изучении социально-эмоциональных навыков. В ходе написания статьи мы убедились, что Аутизм можно эффективно организовать работу по коррекционному развитию детей с аутизмом в обществе, используя различные подходы к выявлению социально-эмоциональных состояний детей. Эта исследовательская работа позволила определить уровень формирования социальных эмоциональных навыков у ребенка, а также способности передать свои эмоции, чувства к социальному поведению. В результате наблюдения все дети, находящиеся на низком уровне с аутизмом, могут передать свои чувства. Дети могут адекватно проявить свои эмоции и чувства в различных ситуациях. (наслаждаться, наслаждаться, гнаться, радоваться, переживать, утомлять, боязнь и т.д) Однако в большинстве случаев они не могут сказать эти чувства через язык как «я боялся», «я обижен», «мне не грустно», «я рад», «мне нравится», «я не доволен», «я устал», «мне страшно», «я не знал».

Лучшие из детей-аутистов могут характеризовать свое состояние вербально, как «веселое», «устал», «не знаешь», но эти проявления не могут быть систематическими, ответы носят характер, проявляющийся с чтения и само собой.

Ключевые слова: аутизм, вербальные и невербальные отношения, альтернативные отношения, социальные эмоции, диалогические навыки, мутация

Ғылыми зерттеулерде аутизм балаларды элеуметтендірудегі басты қиындықтар аутизм балаларындағы қарым-қатынас дағдыларының дамымай қалыс қалуы көрінісіндегі бұзылушылықтары немесе сөйлеу тілінің дамымауы, әңгімені қолдау немесе талдау білуге қабілетсіздігі, стереотиптік тілі, және басқа да спецификалық ерекшеліктері. Аутизм балалардың вербальді қарым-қатынаста ішкі сезімімен вербальді емес (ым-ишара, мимика арқылы) және альтернативті қарым-қатынас жүйесін қолдана алмауын ерекше айтуға болады. Арнайы әдістемелік әдістер қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға бағытталмаған, басым көпшілігі жалпы сөйлеу тілін дамытуға арналған. (Башина В.М., Никольская Л.Г., Нуриева, Морозов С.А., Морозова С.С., Морозова Т.И.) Аутизм балалардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, деңгейін бағалауға әдістерді іріктеуде қажеттіліктер туындайды. жұмысымыздың зерттеу мәселесін шешуге мүмкіндік берді [1, 22 б.].

Зерттеу жұмысының мақсаты – Аутизм балалардың элеуметтік-эмоциялық дағдыларының ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

Аутизм балалардың элеуметтік-эмоциялық ерекшеліктерін зерттеу.

Қойылған міндетке жету үшін келесі әдіс-тәсілдер қолданылды:

- Анамнез жинақтау (анасымен сұхбат алу арқылы)

- Сауалнама

- «Аутист балалардың элеуметтік және эмоциялық қарым-қатынас дағдыларын бағалау» (К.А Quill бойынша) бейімделген нұсқалары

- Күнделікті өмірде басқа балалармен бірлескен іс-әрекетін бақылау

- Алынған мәліметтерді саны және сапасы бойынша талдаулар

- Алынған мәліметтерді графикалық түрде өңдеу

Аутист балалардың қарым-қатынас дағдыларының көріністерін тұжырымдауда келесі іс-әрекеттер орындалды: ойындар, жаттығулар, әр түрлі практикалық үлгідегі сабақтар. Бұл педагогикалық жағдаяттардың барлығы қарым-қатынас дағдыларына орай ұйымдастырылды. Мысалы, өзінен қажеттіні сұрау, жауап беру реакциялары, пікір айту, сұраққа жауап беру, сұрақ қою, диалогтік дағдыларын қалыптастыру. Мұнда қарым-қатынас ерекшеліктерінің көрніуі немесе қалыс қалуы есеп түрінде көрсетілді және аутист балалармен қарым-қатынас орнатуда көбінесе ауызша әдістер қолданылды.

Зерттеу жұмысы 6 ай мерзімде жүргізілді. Аутист балалардың медициналық, психологиялық, педагогикалық құжаттары (медициналық, психо-педагогикалық қорытындылары) эксперимент кезінде толықтай қаралып, ерекшеліктеріне көңіл аударылды. Психикалық онтогенездің бұзылуы олардағы дамудың типіне байланысты элеуметтік өзара әрекеттестікте және қарым-қатынаста когнитивтік (танымдық) және аффективті сферадағы ауытқулары мен стереотиптік мінез-құлықпен сипатталады.

Әр түрлі мамандардың мәліметтерінше аутист балалар көріп қабылдау контактісінде, жандандыру комплексінде, жақындарымен қатынасында бұзылушылықтары бар, өздерін өзара байланыста қажетсінбеу, немесе анасымен бірге болып ажырамауы (симбиотикалық байланыстағы) балалар болып табылады. Жаңа адамдармен араласу кезінде өзгерістер байқалады [2,16 б.].

Балалармен хабар алмасуы бұзылған, бөгде адамдар тарапынан ауызша қаратуға бағытталған байланыста кемшіліктер кездеседі. Көпшілік балаларда қорқу, үрейлену, ал кейбіреулерінде өзін-өзі қорғау сезімдері бұзылған. Көпшілік балаларда стереотипті тәртіп пен тілдік стереотипі, қозғалысы мен сенсорлық бұзылыстары көрініс береді. Рецетивті және экспресивті тілдік ерекшеліктер қоршаған адамдар арасында сөйлеу реакциясындағы кемшіліктер, қарым-қатынастық бағыт берудегі кемшіліктер, сөйлеу тілінің эхолалиялық сипаты, цитатаны жаңғыртып айтуы, қаратпа сөздерді жаңғыртып айтуы, негативті сөздерді жаңғыртып айтуы бар. Диалог арқылы сөйлесе алмаудағы кемшіліктер фразалық сөйлеу тілінің бұрмалануы монолог түрінде, аутодиалог түрінде көрінеді. Көпшілік балаларда өздік есімдіктерді қолдана алмауында қиыншылықтар кездеседі [3,178 б.].

Көпшілік сипаттамаларда танымдық іс-әрекеттерінің ерекшеліктері кешігу немесе алдыға ілгерлеушілігімен ерекшеленеді. Ойындар ойнау кезінде өзгерістері, аффективті сферасында гипер немесе гидокұштарлану пайда болады. Көру, есту, тактильді, дәм сезуінде, түйсік арқылы қабылдауында да ауытқушылықтармен сипатталады. Аутист балалардың кейбіреулерінде «Жалған естімеушілік», «Жалған соқырлық» немесе керісінше гипер сипатта болады [4, 42 б.].

Көпшілік балаларда мотормы дағдыларында әр түрлі бұзылушылықтар кездеседі. Мысалы іс-әрекетте баяулық, жігерсіздік немесе керісінше ширақтық, албырт қозғалыстар және жалпы және ұсақ моторикасы дамуының тежелуі. Көпшілігінде әлеуметтілікке қарсы тәртіп қалыптаспауы. Жоғарыда айтылған ерекшеліктердің барлығы аутист балалардың психикалық ауытқуларының белгісі болып табылады.

Қарым-қатынаста ымдау арқылы байланыс жасайтындар 88,75% ыммен көрсету арқылы қарым – қатынас орнататындар шамамен 84%, ымдау арқылы хабарласуға мүлде бейімделмегендер - 11,25% ыммен көрсету арқылы қарым-қатынас орната алмайтындар – 16%. Бұл қарым-қатынастағы негізгі қиыншылықтар көпшілік балалар ымдап, ыммен көрсету арқылы қарым-қатынасты тек тапсырмалар мен жаттығуларды орындау барысында ғана қолданады да күнделікте өмір де мүлдеп қолданбайды.


Көпшілік аутист балаларда тағы бір қиындықтар беттің мимикалық кейпімен білдірте алуында көрінеді. Бұл бұзылушылық аутист балаларда беттің мимикалық кейпінің мүлде жоқ болуы (амимикалық) немесе керісінше мимикалық кейпімен білдірудің жоғары болуынан көрінеді (гипомимикалық). Кейбір жағдайларда беттің мимикалық кейпімен білдіруі адекватты емес, сол жағдаятқа сәйкес келмеуі де мүмкін. Аутист балаларда бұл бұзылушылықты біз бірінші кезекте олардағы эмоцианалды мінез-құлықтың бұзылуымен сондай-ақ бұл балалардың бет-әлпет көрінісін түсінбеуі мен оған бейімсіздігінен екенін байқауға болады. [5, 316.]

Зерттеу жұмысында аутист балалардың вербальды емес қарым-қатынасы барысында паралингвистикалық белгілер жүйесін қолданудың спецификалық ерекшеліктері анықталды. Барлық аутист балалардың – 97,5%. Көптеген жағдайларда олардың мағынасын талдауды басшылыққа алып осы мақсатта да біршама жұмыстар жүргізілді. Бала хабар алмасу кезінде қолданатын вокализацияның түрі, осы кезде ата-анасына хабар алмасудың мағынасын ашуда көмегін сұрап жүгіне ме? маман бұл жағдайларды, хабар алмасудың мағынасын алдын ала болжай алуы керек. Сондай-ақ аутист балалардағы сөйлеу тілінің әуезділігінің бұзылуы хабар алмасуда адекватты вокализация қоршаған ортадағы адамдардың түсінуіне қабілетсіздігін білдіреді. Қалған 2,5%.толықтай мутация қарым-қатынас кезінде вокализацияны да мүлде пайдалана алмайды.

Қарым-қатынас кезінде балама қатынас құралдарын қолдана алатындар 22,5%. (Олар әр түрлі шынайы суреттерді, фото суреттер, пиктограммаларды қолдана алды. Өздерінің өтініш, тілек, сұрау, бас тарту, ақпараттарды хабарлай алуға т.б бейім балалар 12,5%. Жазбаша сөйлеу тілін қарым-қатынасқа пайдаланатындар болған жоқ. Кейбір балалар дайын суретті карточкаларды сөзбен түсіндіріп айтса, кейбіреулері магнитті әліпбидің көмегімен дайын жазылған сөздерді оқып айтып берді. Өздерді сөздерді, сөз тіркестерін әріптер көмегімен жазып бере алған жоқ. Балама қарым-қатынас құралын қолдануда туындаған мәселе кейбір балалар өз тілек, өтініштерін білдіре алса, кейбіреулері мутациялық күйдегі балаларда балама қатынастары арқылы қарым-қатынасқа түсу мүлде қалыптаспағаны белгілі болды. [6, 42 б.].

Эксперименттік зерттеулерден қарым-қатынас мүмкіндіктерінен ерекше оқшауланған аутист балаларды да анықтадық. Бұл балалардағы маңызды мәселелер өз өтініштерін адекватты түрде жеткізе алмауы. Өтініш білдіруде вербальды де вербальды емес қарым-қатынасы түрін қолдана алмайтындар 12,5%.

Мұндай топқа жататын балалар өтініш-тілектерін вербальды емес қатынаста көпшілікке түсініксіз тек жақындары ғана түсіне алатындай арнайы бір үлгіде жеткізеді. Бұл балалар өз тілек-өтініштерін анайы тәртіптік көріністе яғни айқайлау, агрессия, аутоагрессия т.б түрінде білдіреді. 78,75%. талап қою мен өтініш білдіруді адекватты тәсілмен білдіреді екен. Бұл дағдылар әр балада әр түрлі деңгейде қалыптасқан. Балалардың өте аз бөлігі тілек-өтініштерін қалыпты жағдайда, көпшіліктері ерікті жағдайларда білдіріп қарым-қатынасқа түседі. Барлық мутациялық күйдегі балалардың 30%-ға жуығы вербальды емес қатынас түрін пайдаласа, 63%. Вербальді емес қатынаста әр түрлі заттарды сұрауды еркін орындайды.



Әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын зерттеу

Бұл зерттеу жұмысы бала бойындағы әлеуметтік эмоциялық дағдыларының сондай-ақ өзінің эмоциясын, сезімін әлеуметтік мінез-құлқын жеткізе алуы қабілетінің қалыптасу деңгейін анықтадық. Бақылау нәтижесі аутист балалардың төмен деңгейдегілері – 100% өздерінің сезімдерін жеткізе алады. Балалар әр түрлі жағдайларда өзінің эмоциясы мен сезімін адекватты көрсете алады. (ләззат алу, ләззат алмау, қаһарлану, қуану, қайғыру, шаршау, қорқу т.б) Дегенмен көпшілік жағдайларда олар бұл сезімдерін тіл арқылы «мен қорықтым», «мен ренжідім», «маған көңілсіз», «мен қуаныштымын», «маған ұнайды», «менің көңілім толмады», «мен шаршадым», «маған қорқынышты», «мен білмедім» дегендей айта алмайды. Аутист балалардың жақсы дегендері өзіне қатысты өзінің жағдайын «көңілді», «шаршадым», «білмейсің» дегендей өздерін вербальды сипаттай алады. Дегенмен бұл көріністер жүйелі деп айтуға болмайды, олар оқыстан, өздігінен бірден пайда болатын, жағдайларда байқалмайды. Біздің көзқарасымыз бойынша өз эмоцияларын басқа адамдарға адекватты жеткізе білуге бейімсіздігі аутист баланың аффективті және когнитивті сферасының бұзылушылығымен тығыз байланысты. Эмоционалды ауытқушылық баланың қоршаған ортасында тек жақын адамдарына ғана түсінікті, адекватты емес теріс мінез-құлқын сипатынан көрінеді. Бұзылушылықтың когнитивті сипаты өзінің эмоцияналды жағдайы мен ішкі сезімінің бейімсіздігінен көрінеді. Қалыпты балалардың онтогенезінің дамуында мұндай бейімділік ерте жаста қалыптасатын болса, ал онтогенезінде ауытқушылықтар бар аутист балаларда ол есегенде тіпті үлкен адамдар арасында да кездесуі мүмкін жағдай. Әлеуметтік эмоцияналды даму деңгейінің ең бір маңызды көрінісі әлеуметтенуге дейінгі (просоциальная) мінез-құлқын. Әлеуметтенуге дейінгі мінез-құлқын ғылыми әдебиеттерде басқа адамға альтруистік әрекетте анықталады. Яғни альтруистік әрекет әлеуметтік топтардың жетістігіне бағытталған, басқа адамдардың жетістігіне, оларға көмек көрсетуіне бағытталған сипат.

Аутист балаларды тексеру барысында қалыптасқан әлеуметтенуге дейінгі мінез-құлқын ерекшелігіне байланысты 3 топқа топтастырылады.

Бірінші топ (төмен деңгей) 68,7% бала 3 ден кем әлеуметтенуге дейінгі мінез-құлқын дағдысы қалыптасқан (9 диагностикалық анкетадағы 9 дағды бойынша)

Екінші топ (орташа деңгей) 20% бала 3-4 қалыптасқан әлеуметтенуге дейінгі дағдысы қалыптасқандар.

Үшінші топ (жоғарғы деңгей) 5 ден кем емес қалыптасқан әлеуметтенуге дейінгі дағдылары 11,3% құрайды. Көп балаларда әр түрлі әлеуметтік ойындарды жалғастыру, қайталау, ынтымақтастық орнату сияқты ерекшеліктерімен көрінеді.

Бұл балалар өздерінің сүйікті тағамдарын чипсыларын, кәмпиттерін, шырындарын, ойыншықтарын үлкендерге береді, өз заттарымен бөлісе алады, үй тұрмысындағы шаруашылыққа көмек көрсете алады десек те кей жағдайларда керісінше өз затын басқалармен бөлісуді, қоршаған ортаға көмектесуді қаламайды. Балалар арасында үлкен адамдардан жылулықты қажет ететіндері сирек. Сондай-ақ жақын адамдарына сезімін, махабатын вербальды жеткізе білуі де сирек кездесетін құбылыс [7, 22 б.].

Кейбір жағдайларда аутист балалардан сыпайылықтың көріністерін байқауға болады. Көп жағдайда үлкен адамдардың ескертуімен «рахмет», «кешіріңіз» деген сөздерді қолданады. Сирек жағдайларда немесе жекелеген жағдайларда аутист балалардың жақын адамдарын жұбату сезімін байқауға болады. (Мысалы, анасы жылаған кезде). Бірақ көпшілік жағдайларда басқа адамның қайғыруына теріс мінез-құлық арқылы көрініс байқатады. (Мысалы күлу т.б.)

Қоғамда аутизм ауруының алдын алу шараларын күшейту және жандандыру жұмыстарын жетілдіруде осы топтағы балалардың әсіресе элеуметтік-эмоциялық дағдыларын зерттеу маңызды рол атқаратынын зерттеу жұмысы дәлелдеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лебединская К.С., Никольская О.С. *Диагностика раннего детского аутизма*. М.: Просвещение, 1991.-.
2. *Аутизм: методические рекомендации по коррекционной работе (материалы к спецкурсу) / Под ред. С.А. Морозова*. М.: СигналЪ, 2002.
3. *Аутичный ребенок: проблемы в быту. / Под ред. С.А. Морозова*. М., 1998.
4. Баенская Е.Р. *О коррекционной помощи аутичному ребенку раннего возраста. //Дефектология*. 1999. - №1. - С. 47
5. *Международная классификация болезней (10 пересмотр). Классификация психических и поведенческих расстройств*. СПб.: 1994.
6. Морозова С.С. *Развитие речи у аутичных детей в рамках поведенческой терапии. Аутизм: Методические рекомендации по коррекционной работе./ Под ред. С.А. Морозова*. М., 2002.
7. Тлеубекова А.У. *«Аутизмге шалдыққан балалардың коммуникативтік дағдыларын түзетудамыту» // Дефектология*. - 2012ж. - №4